

Ж. Кагазбаев<sup>1</sup>, У.И. Копжасарова<sup>1</sup>, А.Т. Төлеужан<sup>1</sup>, А.А. Хамза<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан;

<sup>2</sup>Жамбыл атындағы мамандандырылған мектеп-интернаты, Қарағанды, Қазақстан  
(E-mail: bota.kz93@mail.ru)

## Шетел тілді ерте жастан оқытудың шетелдік тәжірибесі

Мақалада Ресей, АҚШ, Англия, Франция, Швейцария және тағы басқа мемлекеттерде шетел тілін ерте жастан оқыту саласында жүргізілген бірқатар тәжірибелік зерттеулер нәтижелері қарастырылған. Осы саладағы ақпараттарды талдау негізінде шетел тілін ерте жастан оқытудың маңыздылығы, тиімділігі және қажеттілігі дәлелденді. Шетелдік тәжірибелік зерттеулердің басым көпшілігінің нәтижесі бойынша қостілді тұлғада танымдық қабілеттер жиынтығы, біртүрлі тұлғаға қарағанда, жақсырақ дамитыны да тілге тиек етілген. Мақалада шетел тәжірибесін сараптаумен қатар, Қазақстанда тілдік білім беруді ерте жастан іске асырудың қазіргі жағдайы сипатталған.

*Кілт сөздер:* шетел тіліне ерте жастан оқыту, тәжірибе, зерттеулер, көпмәдениеттілік, дағды, мектепке дейінгі білім беру жүйесі.

Шеттілдік білім беруді ұйымдастырудың теориялық және әдістемелік негізін S. Phillips, G. Girard, H. Komorowska, R. Wenzel, L. Holmstrand, C. Read, C. Bruni, D. Webster, I. Landsiedler, E. Janstcher, B. Kettemann, M. Kerschbaumer және тағы басқа батыстың жетекші ғалымдарының еңбектері қалайды. Шетел тілін ерте жастан оқыту мәселесін С.С. Құнанбаева, Б.А. Жетпісбаева, А.К. Китибаева және тағы басқа қазақстандық зерттеушілер мен әдіскерлердің ғылыми еңбектерінде де кездестіруге болады.

Шетел тіліне оқыту әдістемесінде бастапқы сатыда ойындарды қолдана отырып, оқыту мәселесімен Г.В. Рогова және И.Н. Верещагина, Е.И. Пассов, Д.Б. Эльконин, Е.И. Негневицкая және тағы басқа айналысты. Шетел тілін ерте жастан оқыту саласында ғылыми-әдістемелік ойдың даму проблемалары көптеген ресейлік ғалымдардың диссертациялық зерттеулеріне арқау болды. Мәселен, оқытудың мазмұнына байланысты мәселелерді қарастыру (Н.Н. Ачкасова, О.А. Осиянова, Н.А. Малкина, С.А. Натальина, О.А. Денисенко, Н.Н. Трубанева, Л.Б. Чепцова т.б.); оқыту әдіс-тәсілдері (Н.Н. Ачкасова, Е.В. Жирнова, Н. А.Яценко, С.В. Снегова т.б.); шетел тіліндегі қатысымды модельдеуді (А.П. Пониматко, В.Н. Симкин, С.С. Часнок және т.б.) атап өтуге болады.

Шетел тілінде ерте жастан оқыту саласында жүргізілген бірқатар ғылыми зерттеулер мен оқыту тәжірибесі шетел тілін мектепке дейін және бастауыш сыныптан енгізу қажеттігін растап отыр.

Сонымен, 6000 баланы қамтыған Англия және Уэльс мектептерінде жүргізілген эксперименттің нәтижесі шетел тілін меңгеру ана тілін тереңірек білуге оң ықпал ететінін, қуаныш педагогикасы аясында оқытса, қабілеті нашар балалар шетел тілінде қатысымға түсуде жоғары жетістіктерге жеткендігін көрсетіп берді.

АҚШ және Канаданың жетекші университеттерінің ғалымдары орта білім беру мекемелерінде жүргізген зерттеулері бойынша, қостілді тұлғада танымдық қабілеттер біртүрлі тұлғаға қарағанда жақсырақ дамитыны анықталған.

Лондон университетіне тиесілі колледж ғалымдары 105 адамның ойлау қабілетін зерттеп, оның ішінде 80 адам қостілді тұлға екенін расталды. Зерттеу барысында шетел тілін меңгеру мидағы «сұр затты» өзгертеді деген тұжырымға келді; атап айтқанда, ол мидағы ақпаратты өңдеу қызметінің аймағына әсер етеді, оның қызметін жеделдетеді. Бұл физикалық жаттығулар жасау арқылы бұлшық еттерді дамытып, қатайтаюына ұқсас құбылыс. Ми «созылмалдылық» деп аталатын қозу әсері негізінде өзінің құрылымын өзгертетін қабілеті бар екені барлық ғалымдарға белгілі. Жаңа зерттеулер көрсеткендей, тілдерді меңгеру бұл үдерісті ынталандырады, яғни бала кезінде, тілді меңгерген тұлғаның тілді біршама кешірек меңгерген адамға қарағанда, ойлау қабілеті икемді, оңтайлы болып табылады. Бір топ шетелдік ғалымдар өздерінің зерттеу жұмыстары барысында ағылшын тілінен басқа тіл білмейтін 25 британдықтардың және 5 жасқа дейін Еуропаның екінші бір тілін меңгерген 25 британдықтың, сондай-ақ екінші тілді 10–15 жасында үйренген 33 адамның ми құрылымын зерттеді. Миды сканерлеу нәтижесінде екі тілді меңгерген тұлғаның миының сол жақ қыртысындағы «сұр заттың» тығыздығы, ана тілін ғана білетін біртүрлі тұлғаның ми қыртысындағы

«сұр заттың» тығыздығына қарағанда көбірек екені айқындалып, ойлау қабілетінің ерекше дамитыны анықталды. Бұл құбылыс әсіресе екінші тілді ерте жастан оқыған тұлғаларда жиі байқалды. Ана тілінде тілдесуді дамытуға оң әсер ететінін Л.С. Выготский дәлелдеген, сонымен қатар Л.В. Щерба және көптеген ресейлік ғалымдар бұл мәселені зерттеуге қызығушылық танытқаны ғылыми еңбектерден белгілі.

РФ ПҒА-ның жалпы және орта білім беру ҒЗИ-дің шетел тілін оқыту зертханасының ұжымы көпжыл бойы жүргізген зерттеулерінің нәтижесі шетел тілін пән ретінде эксперименттік негізде оқыту оқушыларға жағымды әсер ететінін дәлелдеді. Атап айтқанда, шетел тілі баланың жалпы психологиялық қабілеттердің дамуына (жады, зейін, қиял, ойлау), әртүрлі өмірлік жағдаяттарға сай әрекет етуіне, ең маңыздысы, ана тілін меңгеруіне, жалпы сөйлеу әрекетін жетілдіруге айтарлықтай ықпал ететіні белгілі болды [1].

Сонымен қатар пәнді оқытуда оның тәрбиелік және дамытушылық аспектілерін ескеру қажет. Шетел тілі жас ұрпақты бөгде мәдениетке баулиды; тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым үдерісінде қарапайым коммуникативті-танымдық міндеттерді өз бетінше шешу үшін біліктер мен дағдыларды қалыптастыруға бағытталады; бастамашылдық, ұжымда жұмыс істей алу, өз пікірін қорғай білу қасиеттерінен басқа пәнге деген тұрақты қызығушылығын қалыптастырады.

1994 жылдан бастап Еуропа Кеңесі шеңберінде бұл мәселенің аспектілеріне байланысты 10 халықаралық семинарлар өткізілген болатын. ЮНЕСКО-ХОТЭОА (Мәскеу, 1985) халықаралық сарапшылар жиынында тілді меңгеру баланың тілдік, танымдық және коммуникативтік қабілеттеріне оң әсер ететіні, сонымен қатар оның ой-өрісін кеңейтетіні, тіл арқылы елді, оның халқын және тарихын, мәдениетін тануға жол ашатыны атап айтылды.

Осылайша, шетел тілін ерте жастан оқытудың маңыздылығы мен пайдалылығы баланың жеке бас ерекшеліктеріне де қатысты екені тәжірибелік жұмыстар негізінде дәлелденді. Аталмыш жиын нәтижесі бойынша шетел тілін ерте жастан оқытуға қойылатын бірыңғай талаптар түзілді:

– бала тілді саналы түрде меңгеруі тиіс, сондықтан оны имитативті үдеріске айналдырудың қажеті шамалы;

– бала тілді қатысымның құралы ретінде меңгеруі қажет, оқытудың құрамбөліктері (тілдік материалды таңдау және ұсыну, әрекеттің жүзеге асуына байланысты мазмұны) коммуникативтік мақсатпен айқындалуы қажет;

– шетел тілі дамыту қасиеті болуы қажет, себебі ол баланың тілдік, танымдық және коммуникативтік қабілетіне оң әсер етеді, сонымен қатар, жоғарыда айтылғандай, оның ой-өрісін кеңейтіп, тіл арқылы бөгде елді, оның халқын және мәдениетін танып білгені абзал [2].

Мәселені зерттеу көрсеткендей, бөгде тілге ерте жастан бастап баулу Ресей Федерациясының білім беру саласындағы басым бағыттардың бірі болып саналады. Ғалымдар Н.Д. Гальскова, З.Н. Никитенко Ресейдің жалпы білім беретін мектепке дейінгі және бастауыш сыныптарында шетел тілін ерте жастан оқытудың үш негізгі кезеңін қарастырады:

– XX ғасырдың 60 жж. басы мен 80 жж. ортасы;

– XX ғасырдың 80 жж. ортасы мен 90 жж. ортасы;

– XX ғасырдың 90 жж. ортасы мен қазіргі заманға дейін [3].

Бірінші кезеңде шетел тілін жаппай оқытуда балалардың жас ерекшелігінің қысқару мәселесі ерекше өзекті болды. Дәл осы шақта шетел тіліне ерте жастан оқытудың түрлі аспектілеріне байланысты үлкен көлемдегі ғылыми жұмыстар дүниеге келген болатын. Олардың ішінде И.Л. Бим, Е.И. Негневицкая, Е.А. Ленская және тағы басқалардың еңбектері жарық көрді, сондай-ақ алғаш рет мектепке дейінгі білім беру мекемелеріне арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар пайда болды.

1987 ж. Ресей Федерациясы Ағарту министрлігінің шешімімен мектепке дейінгі мекемелерде және жалпы білім беретін мектептердің бастауыш сыныптарында ерте жастан шетел тілін оқытуға байланысты ресейлік кең ауқымды эксперимент жүргізіле бастады. Аталмыш эксперимент бұл министрлікке қарасты ғылыми-зерттеу институтының басшылығымен жүргізілді. Экспериментке Ресейдің 22 өңірінде, Мәскеуді қосқанда тек әдістемелік әдіс-тәсілдер ғана жаңарып қойған жоқ, сонымен қатар балабақшаларға баратын 4 жастан 6 жасқа дейін балалар қамтылып, жаппай шетел тіліне оқыту жоспары іске асырылды. Сонымен қатар Ресей ғалымдары мақсатты тілде шынайы жағдаяттар аясында негізінде пікір алмасатын, тіпті тіл иесімен қатысым жасау тұрғысынан шетел тілін оқытудың мақсатын тұжырымдайтын және мазмұнын анықтайтын бастауыш сыныпқа арналған

(1–4 сыныптар) шетел тілін оқытудың бағдарламасын түзді. Берілген құжатта көрсетілген осы тұжырым аясындағы деңгейлік оқыту әдісі бастауыш сыныптың жалпыпедагогикалық мақсатымен үйлесім тапты. Аталмыш бағдарламада алғаш рет қатысымның саласы, коммуникативтік міндеттер, жағдаяттар мен тақырыптар, елтану, лингвоелтану және тілдік материалдарды (фонетикалық, грамматикалық, лексикалық) сөз әрекетіне үйретудің төрт түрімен (тыңдалым, сөйлесім, оқылым, жазылым) тығыз байланыста оқыту айқын көрініс тапты.

Бүгінгі таңда Ресейде тілдік білім беру үрдістер келесі тұрғыдан қарастырылады:

– шетел тілін оқытуда вариативтілікті арттыру. Вариативтілік педагогикалық плюрализмді қамтамасыз етеді, яғни оқушыларға әртүрлі типтегі жалпы білім беретін мекемелерде оқуға және шетел тілін оқытуда әр түрлі траекторияларды қалыптастыруға мүмкіндік береді;

– тілдік тұлғаның үздіксіз дамуына ықпал ететін көпмәдениеттілік пен тілдік плюрализм аясын арттыру;

– шетел тілін оқытуда дараландыру мүмкіндіктерін кеңейту. Дараландыру қатысушылардың жас ерекшеліктерін, мүмкіндіктерін, қызығушылықтары мен қажеттіліктерін ескеретін түрлі технологиялар пайдалануды талап етеді. Оларға когнитивтік (жобалау қызметі, конференциялар, дөңгелек стөздер, пікірталастар, логикалық карталар, жекелей жағдаяттар мен жағдайларды талқылау және түсіндіру, проблемаларды шешу т.б.), әрекеттестік (драматизация, рөлдік ойындар, граффити, интерактивтік әңгімелесу, әңгімені біріге отырып құрау, шағын-саға және т.б.), бақылау (тестілеу, күнделіктер, тілдік портфельдер, тілдік курстар, олимпиадалар т.б.), мультимедиялық (аудио, видео, компьютерлік бағдарламалар, интернет-ресурстар т.б.), денсаулық сақтау технологиялар жатады;

– ашықтық, білім алуға қолжетімділік және оқыту әдістері мен бақылау үдерісінің айқындығы;

– білім берудің тұлғалық-әрекеттілік парадигмасын дамуы. Оқытудан үйрету форматына ауысу.

Шетел тілін үйренумен байланысты әртүрлі стратегияларды пайдалана отыра, өз бетінше жұмыс істей ала білу білім алушыларға проблемалардың оңтайлы шешімін таба білуге және оқу бағдарламаларын игере мүмкіндік береді;

– білім алудағы интернационализацияны кеңейту. Ол білім алушыларды оңтайлы икемділікке ыңғайлайды, яғни тек өз елінде ғана емес, сонымен қатар басқа елде білім алуға бейімдейді. Біздің қазіргі шынайы өмірлік жағдаяттарға негізделген отандық және шетелдік оқулықтар, оқу құралдары қолданылады. Кейінгі жылдары Қазақстан оқушыларына арналған шетелдік оқулықтар қолданысқа енгізілуде. Интернационализация шетел тілін құрал ретінде пайдалана отырып, оқушылардың тәлім-тәрбиесіне өз үлесін қосады. Шетел тілін оқыту арқылы оқушылардың бойында азаматтық, патриотизм, төзімділік, жанашырлық және тағы басқа қасиеттерді қалыптастыруға болады;

– ынтымақтастық пен жан-жақтылықты дамыту. Ол оқытудың көпфункционалдылық пен пәнаралық сапасын қамтамасыз етеді. Оқытудың бағдары пәндердің ықпалдасуы мен оқытудың әдіс-тәсілдерін түзуге мүмкіндік береді [4].

Зерттеулер аясында Ресейде шетел тілін ерте жастан оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық құжаттар сараланды. Ізденіс көрсеткендей, Ресейдің мектепке дейінгі мекемелері білім беруді басқаратын органдардың ұсынған кешенді вариативтік білім беру бағдарламалары мен технологиялардың ішінен өз еркімен таңдау жасауға, сондай-ақ оған өзгерістер енгізіп, өз бағдарламаларын ұсынуға (авторлық) құқықтары бар [5]. Мектепке дейінгі тілдік білім берудің жалпы мақсаты — баланың жалпы мәдени, тұлғалық және танымдық тұрғыда дамуы. Ол бастауыш сыныпта қарапайым коммуникативтік құзыретті қалыптастырудың алғышарттарын жасаумен байланысты. Сондықтан Ресейдің стандарттарына сәйкес, шетел тілін оқыту келесі мәселелерді шешуге бағытталған:

– шетел тілі сөйлеудің құралы екендігі жайлы түсінік қалыптастыру;

– лингвистикалық ой-өрісті кеңейту;

– коммуникативтік-педагогикалық бейімделуді қамтамасыз ету;

– тұлғалық қасиеттерді дамыту;

– эмоционалдық ауаны дамыту;

– жаңа әлеуметтік тәжірибеге баулу;

– рухани-адамгершілік тәрбие беру;

– танымдық қабілеттерді дамыту [6].

Осылайша, Ресейдің мектепке дейінгі лингвистикалық білім ресейлік білім берудің жаңа буынында қалыптасатын тұлғаның дамуына, азаматтық ұстанымды дамытумен байланысты

құндылықтарды айқындайтын жүйелі қызмет-әрекетінде жатыр. Ресейдің шетел тілін ерте жастан оқытудың теориясы мен практикасының нәтижесін бағалайтын болсақ, бұл салада 30 жылдың ішінде біраз ақпарат жинақталған, сондықтан ресейлік ғалымдар және әдіскерлермен тәжірибе алмасу кезінде осы елде орын алған ұйымдастырушылық және әдістемелік сәйкессіздіктердің орын алуының алдын алады.

Бөгде тілді ерте жастан оқытудың алыс шетелдегі үдерісіне тоқталсақ, Еуропа Кеңесі азаматтар үшін шетел тілін оқыту саласының негізгі нысаны ретінде көптілділікті дамытуды ұсынып отыр: Еуропаның әрбір азаматы кем дегенде екі тілді білуі, бұған қоса олардың біреуін еркін меңгеруі қажет деп табылады. Мұны Германияда жүргізілген зерттеулер де растайды. Мысалы, еуропалық елдердің 80 % -да жұмыс істеу үшін кем дегенде екі шетел тілін меңгеру, ең алдымен ағылшын және француз тілдерін білу, ал 45 %-да кем дегенде үш тілді (испан, итальян, орыс тілдері) меңгеру қажеттілік деп саналады.

Шетел тілін бастауыш сыныптарға міндетті оқуды құрушы білім беру реформаларын өткізгеннен кейін (1980–90 жж.), Еуропа одағының көптеген елдері шетел тіліне ерте жастан оқыту бағдарламасын жүзеге асыруға кірісті. Бұл бағытта алғашқылардың легінде болған Австрия, Нидерланды, Португалия, Испания, Греция, Италия, Лихтенштейн елдерін атауға болады.

Қазіргі кезде Еуропа елдерінің барлығында шетел тілін ерте жастан оқыту жүзеге асырылуда. Бұл бір тілді меңгеру мерзімін созу мақсатында емес, екінші және үшінші шетел тілін меңгеруге мүмкіндік алу [7].

2006–2007 жылдары Ирландия және Ұлыбританияны (Шотландия) қоспағанда, Еуропалық одақтың барлық елдерінде бастауыш сыныпта бір шетел тілін міндетті түрде меңгеру қажеттілігі туралы шешім қабылданды. 2016 ж., ЮНЕСКО-ның білім беру жүйесінің мәліметтері бойынша, Еуропа елдерінде білім алушылардың 85 % -ы оқудың алғашқы сатысында шетел тілдерін меңгереді.

Ағылшын тілі бірінші шетел тілі болып есептелді, оқушылардың 10 %-ы екінші шетел тілі ретінде негізінен француз және неміс тілін меңгерген. Бастауыш сыныпта шетел тілін жаппай оқытатын мемлекеттердің алдыңғы қатарында Люксембург және Швеция (100 %), Италия (99 %) және Испания (98 %) болса, Венгрияда (33 %), Нидерландыда (32 %) және төменгі көрсеткіш Ирландияда (3 %). Бастауыш сыныпта екінші шетел тілінен білім алған оқушылардың ең көп бөлігі Люксембургте (83 %) және Грецияда (24 %). Францияның Білім министрлігінің ұстанымы бойынша шетел тілін ерте жастан оқыту нарықтық экономикаға толық кірігудің алғышарттарының бірі болып табылады.

Францияда шетел тілін меңгерудің бастапқы сатысы 5 жасқа дейін төмендетілді. Негізгі мақсат ауызекі тілге үйрету ғана емес, оны ерте жастан бөгде мәдениетке баулу да қажет деп саналады [8].

Швейцарияның білім беру жүйесі мектеп бағдарламаларының әралуандылығымен сипатталады, ал бұл бағдарламалар мектептің қай кантонға жататынына байланысты таңдалады. Бағдарламада 4 шетел тіліне дейін меңгеру қарастырылған [9]. Швейцарияда ерте жастан бірінші шетел тілін оқыту бастауыш мектептің 3-ші сыныбынан басталып, 4–6 жылға дейін созылады. Соңғы жылдары ағылшын тілі экономикалық және ғылыми ортада халықаралық қарым-қатынас тілі болғандықтан, өз қанатын кеңінен жаюда. Сонымен қатар ақпаратқа қол жеткізу мақсатында ағылшын тіліне сұраныс артуда және түрлі тіл өкілдері арасында «lingua franca» тілі ретінде қызмет атқарады. Осыған байланысты көптеген кантондарда мектеп бағдарламасына ағылшын тілін бірінші шетел тілі ретінде енгізіліп отыр [10].

Аустрияның білім беру жүйесінің дамуындағы маңызды қадам 1983 ж. 3-сыныптан (сегіз жас) бастап шетел тілдері міндетті пән ретінде оқытыла бастады. 90 жж. шетел тілін 6–7 жастан бастап одан да ерте жаста оқыту енгізіле бастады. 1998 ж. бастап барлық бастауыш мектептерде шетел тілін 1-сыныптан бастап міндетті түрде оқыту қарастырылды, ал 2003–2004 оқу жылынан бастап аустриялық балалар шетел тілін 6 жастан бастап оқи бастады (білім беру және өнер Федералдық министрлігі заңы, 1998) [11].

Қазіргі таңда Ұлыбританиядағы мектептерде шетел тілі 5 жастан, жеке меншік мектептерде 4 жастан бастап оқытылады. Канадада қостілді тілді білім беру мақсатында «Early total immersion» үлгісінде бастауыш сыныпта екі тілде қатар білім беріледі. Аталмыш үлгі екі нұсқада қолданылуда. Біріншісінде (молайту нұсқасы) ағылшын тіл иесі француз тілін үйренгенде қолданылады. Француз тілін оқыту тілі ретінде қолданған жағдайда оқыту үдерісі қарқынды жүреді. Екіншісі бойынша (ауысу нұсқасы) аз ұлт өкілдерінің балалары бірте-бірте ағылшын және француз тіліне үйрене

бастайды. Сонымен қатар білім беру бағдарламаларының біраз бөлігі ресми тілде, ал қалғандары аз ұлт өкілдерінің тілдерінде іске асырылады.

АҚШ-дағы бастауыш сыныпта шетел тілін ерте жастан оқыту мәселесіне арналған зерттеулер бойынша шетел тілін оқытудың бастапқы сатысы балабақшаның даярлық тобын және 1–2 сыныпты қамтиды; бастауыш мектептердің құрылымдарында айырмашылықтар анықталды: кейбір штаттарда шетел тіліне оқыту балабақшадан (5 жас) басталады және 1–6 сыныптарда (6–11 жас аралығында) жалғасады, ал кейбір штаттарда 8-сыныпқа дейінгі мерзімді қамтиды. Америка Құрама Штаттарындағы білім беруді басқарудың орталықсыздандырылуы бастауыш мектептерде негізгі оқу жоспарының болмауына себеп болды. Зерттеулер көрсеткендей, білім берудің алғашқы сатысында шетел тілін оқыту елдің бастапқы білім беретін мекемелердің 25 %-да ғана кездеседі. 50 штаттың ішінде тек 7 штат қана 6 жастан 12 жасқа дейінгі балаларды қамтитын оқу жоспарына шетел тілін міндетті пән ретінде енгізген болатын. Бастауыш мектептерде тілдік білімді қосымша қолдау мақсатында АҚШ-ның үкіметі «No Child Left Behind» атты арнайы заңдастырылған акт әзірленген болатын. Осылайша, шетел тілін оқыту кейбір елдерде бірінші сыныпта басталса, ал басқа елдерде балабақшадан басталады. Тұтастай алғанда, шетел тілін оқыту көптеген мемлекеттерде 7 жастан басталады, ал кейбір елдерде одан да ерте жаста оқытылуы мүмкін.

Қазіргі таңда шетел тілін ерте жастан оқытудың әлемдік тәжірибесінде шетел тілдерін меңгерудің екі үлгісі белгілі: шетел тілін рецептивті меңгеру және иммерсиондық оқыту. Шетел тілін рецептивті түрде меңгеру үлгісінде әрбір білім алушы ана тілінде сөйлейді, бірақ әрқайсысы өз серігін түсінуге талпынады. Берілген үлгіде шетел тілін меңгеру, белсенді түрде меңгеруге қарағанда, көп уақытты қажет етпейді. Осындай қатысым формасы Скандинавия елдерінде, Словакия, Польша және тағы басқа Еуропаның көптеген аймақтарында қолданыс табууда.

Ерте жастан шетел тілін қысқа мерзімде меңгеру тәжірибесі екінші және үшінші шетел тілін меңгеру үшін мүмкіндік туғызу мақсатында қолданылуы қажет. Психологтардың пікірінше, шетел тілін 4 жыл үйренуден кейін шаршау синдромы болып және қызығушылық төмендей бастауы мүмкін, демек, шетел тілін 1-ші сыныптан бастап оқытын болса, онда екінші шетел тілі 5-сыныптан бастап оқытылмақ.

Иммерсиондық оқыту үлгісінде (билингвалды мектептердің үлгісі) кейбір пәндер (негізінен гуманитарлық) екінші шетел тілінде (оқу және қатысым жасау тілі) жүргізіледі. Қазіргі таңда мұндай бағыттағы екітілді мектептер Швейцария, Бельгия, Франция, Германия, Канада, АҚШ және тағы басқа елдерде бар.

Әр елдегі шетел тілін ерте жастан оқыту тәжірибелерін талдай келе, көптеген мемлекеттер көптілділікті дамыту мақсатында қазіргі заманғы тіл ахуалын ескеріп және тілдік білім беру парадигмасын қалыптастыруда деген тұжырым жасауға болады.

Жалпы, дидактикалық тұрғының түзілуі, қажетті тілді меңгеруге ықпал жасайтын ерте жастағы балаларға қажетті коммуникативтік құзырет деңгейлерінің талаптарын әзірлеу, мектепке дейінгі және мектеп жасындағы балаларға арналған оқулықтар үлкен көлемде жасалуы, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану арқылы қазіргі заманғы білім беру бағдарламаларын мазмұнын байыту сияқты бүгінгі күннің үрдістерін байқауға болады.

Көптеген мемлекеттерде ана тілі немесе шетел тілдері баланың тұлғалық қасиетін дамытатын және оның шынайы өмірлік жағдаяттарға бейімделу мүмкіндіктерін кеңейтетін, сонымен қатар әлемдегі көптілді және көпмәдениетті қоғамдағы қатысым жасаудың құралы ретінде қызмет ету қажеттілігі мойындалып отыр.

Қазақстанда шетел тілін ерте жастан оқытудың қазіргі жағдайы жобасы аясында шетел тілін ерте жастан оқытудың шетелдік тәжірибесін сараптау келесі мәселелерді анықтауға мүмкіндік берді.

1. «Шетел тілін ерте жастан оқыту» ұғымының мәніне байланысты ортақ түсініктің болмауы. Біреулер ерте жастан шетел тілін оқыту мәселесін мектепке дейінгі жастағы балаларды шетел тіліне баулу, яғни балаға туғаннан бастап мектепке жасына дейінгі кезеңде интуитивтік-тәжірибелік негізде үйрету деп ұғынып жүрсе, ал кейбіреулері төменгі сынып оқушыларын шетел тіліне оқыту деп түсінеді. Біз мектепалды және ерте мектеп жасында шетел тілін меңгеру кезеңдерін ажырататын Н.Д. Гальскова мен З.Н. Никитенко сияқты ғалымдардың пікіріне қосыламыз. Осы ұстаным бойынша, шетел тілін оқыту 4–5 жаста мектепалды мекемелерінде орын алса, мектепте ерте жастан оқыту-төменгі сынып оқушыларына қатысты іске асырылады (1–4 сынып аралығында) [12].

2. Жаппай шетел тілін оқудың жас шегі. Біздің ойымызша, шетел тілін оқытудың оңтайлы кезеңі 4–5 жас, яғни баланың балабақшадағы кезі. Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, шетел тілі

ана тілінің жүйесі жақсы меңгеріліп, жаңа тілді бала саналы меңгере алатындай уақыт аралығында (6–8 жас) үйретілуі қажет. Ресей елінің психологтары (Л.С. Выготский, С.Н. Рубинштейн) және шетелдік психологтардың (Б.Уайт, Дж. Брунер, Р.Робертс) пікірінше, ересек адамдарға қарағанда, балалар шетел тілін оңай меңгереді деген пікір қалыптасқан, себебі осы жастағы балалардың еліктеу қабілеті жоғары дамыған. Мысалы, ересек адамдар бөгде тілдерді оқығанда әсіресе дыбыстау жүйесін меңгеруде қиналыс табады.

3. Ерте жастан шетел тілін оқытудың сатылары арасында бірегей сабақтастық жүйенің болмауы (мектепалды мекеме — мектеп). Мектепке дейінгі мекемелерде шетел тілін оқытудан бастауыш сыныптағы шетел тіліне оқытуға жеңіл ауысу мүмкіндігін туғызу қажет. Шетел тілін ерте жастан оқыту кезінде сабақтастықтың бұзылуы фонематикалық есту, тыңдау-сөйлеу жадының көлеміне, еліктеу мүмкіндіктеріне, дыбыстау жылдамдығы мен баланың тілдік тапқырлығының дамуына кері әсер етеді.

4. Шетел тілін білетін тәрбиешілердің кәсіби білігі/қайта даярлау проблемасы, мектепалды және бастауыш сынып жасындағы балаларды шетел тіліне оқыту үшін педагогикалық кадрлардың жетіспеушілігі (мысалы, шетел тілін меңгерген бастауыш сынып мұғалімі). Бұл мәселе тез арада шешімін табуды қажет етеді және Қазақстанның жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінің алдына қойылатын міндеттердің бірі болып отыр.

5. Шетел тілдеріне ерте жастан оқыту әдістемесінің сапасы қажетті деңгейде болмауы. Зерттеулер көрсеткендей, мектепке дейінгі және мектепте шетел тілін оқыту әдістемелерінің арасындағы айтарлықтай айырмашылықтың болмауы. Мектепке дейінгі және мектептің төменгі сынып оқушыларын шетел тілін оқытуда еліктеу тәсілдерді тәрбиешілер мен педагогтар көп қолданады. Шетел тілін ерте жастан оқытудың ең тиімді әдісі ана тілін есепке ала отырып немесе ана тіліндегі тіректерді қолдану арқылы саналы және интуитивтік тетіктерді пайдалана отыра үйрету болып табылады.

6. Қазақстандық ұлттық мазмұнды қамтитын оқу-әдістемелік кешенінің тапшылығы. Соңғы жылдары шетел тілін оқу үшін шетелдік басылымдардың оқу курстары мен оқу құралдары сатылымда жүр. Өкінішке орай, олар қажетті деңгейде оқу мен үйренудің мәдени-лингвистикалық және этнолингвистикалық аспектілерімен толық үйлестірілмеген, өндеуді қажет етеді.

Қазақстандағы жаңа экономикалық және әлеуметтік-саяси жағдайда ағылшын тілін меңгеру ұлттың шынайы бәсекеге қабілеттілігінің қажетті шарты болып табылады. Ағылшын тілі бөгде тілдер арасында басымдыққа ие болғандықтан, ол жоо-ң және орта білім беру мекемелерінің оқу бағдарламаларында міндетті пәнге айналуға қажет. Қазақстандық көптіліділік ахуалды ескере отырып ағылшын тілін ерте жастан оқытуды енгізу теориялық негіздеуді, яғни көптілді білім беру кеңістігінде қызмет ететін бірнеше тілді қатар меңгеру әдістемесін түзуді қажет етеді.

Көптілді, көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру — оқушыларды әртүрлі деңгейде (мектеп, гимназия, жоо) қазақ, орыс және ағылшын сияқты үш тілді оқыту тәжірибесі аясында жүзеге асырылатын мемлекеттік тіл саясатының негізі. Үштілді білім беру еліміздің 33 тәжірибелік мектептерінде, сонымен қатар жоғары білімді кадрларды кәсіби даярлау, оқытудың тиімді технологияларын пайдалану және оқушыларды ынталандыру негізінде көптілді білім беру саясаты Назарбаев Интеллектуалдық мектептерінде сәтті жүзеге асып жатыр. Көптілді білім беруді енгізу Қазақстан мектептерінде 2012 жылдан бастап жүзеге асып жатқан ағылшын тілін бастауыш сыныптарда оқытуды міндеттеді. Қазіргі кезде еліміздің мектептері шетел тілін ерте жастан оқытуды қамтамасыз ету үшін нормативтік, ғылыми-әдістемелік, кадрлық, ресурсқа қатысты мәселенің жүйелі шешімін табу үстінде. Жалпы білім беретін мектептердің тәжірибелік қызметінде туындайтын негізгі мәселе, біріншіден, білікті, тәжірибелі ұстаздардың жетіспеушілігі болып табылады. Екіншіден, үштілді білім беру моделі аясында ағылшын тілін оқытуда оқу-әдістемелік, дидактикалық материалдардың тапшылығы байқалады. Осының барлығы 1-сыныптан бастап ағылшын тілін оқытуды нормативтік және оқу-әдістемелік әзірлемелер негізінде қамтамасыз етуді қажет етеді.

Қазақстандық көптілдік білім беру мазмұнын ескере отырып, ерте жастан шетел тілін оқыту әдістемесін меңгерген білікті ұстаздардың тәжірибесін насихаттау ісі маңызды. Осы бағытта жас мұғалімдердің деңгейлік курстардан өтіп, олардың біліктілігі арнайы сертификаттармен расталуы қажет.

Бүгінгі күні елімізде 12 жылдық білім беруге көшу қызу пікірталас туғызуда, оқытудың жаңа жүйесіне көшу әлемдік білім беру кеңістігіне кірігуді көздейтін заман талабынан туындаған мәселе. 12 жылдық білім беру көшудің қажеттілігі бес жасар балаларды мектепалды даярлықтан өткізу,

жалпы білім беретін мектептерде білім сапасын арттыру кейінірек оқушылардың бір мезгілде үш тілді (қазақ, орыс және ағылшын) меңгеруде алғашқы баспалдақ болып табылады. Жалпы, кез келген қазақстандық азамат кем дегенде үш тілді толық меңгеруі, өз мәдениетін, тарихын білуі қажет.

Ғалымдардың зерттеуінше, бала жас кезінде тілді қиналмай әрі еркін меңгереді. Осы ретте Білім және ғылым министрлігінің ағылшын тілін бастауыш сыныптан бастап үйретуге назар аударуы–құбақұп. Бүлдіршін жаста меңгерілген білімнің іргетасы берік әрі мықты болмақ. Ал осы жастағы баланың санасына оны құйып, жадына ұялататын, әрине, мұғалім. Ағылшын тілі пәні мұғалімдері оқу мазмұнын жаңарту саясаты аясында оны оқыту сапасын жақсарту мақсатында әлемдік озық тәжірибелерді, жаңа технологиялар мен әдістерді барынша қолдануда.

Көптілдік білім беру негізінде шетел тіліне ерте жастан оқыту болашақта бірнеше шетел тілдерін меңгеруге ықпал етеді. Ол білім алуды шетелде жалғастыруға, яғни әлемдік білім беру кеңістігінде еркін таңдау жасауға мүмкіндік береді. Қазақстан Республикасының білім беру стандарттарына сәйкес, оқытудың бастапы сатысында оқушылардың коммуникативті-танымдық қажеттіліктері мен қызығушылықтарын қалыптастыруға қажетті жағдайлар құрылуы тиіс. Тіл мен мәдениетке ерте жастан баулу баланың болашақта кемел тұлға ретінде қалыптасуына зор мүмкіндік береді.

Әлеуметтік жаңғырту аясында 2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап 12 жылдық білім беруге көшу мақсатында бастауыш мектептің 1-сынып оқушыларына арналған 24 оқу бағдарламалары әзірленді, 22 әдістемелік оқу құралдары және жалпы білім беретін мектептердің ұстаздарына арналған 33 ұсыныстар даярланған. Мектепке дейінгі оқыту бағдарламасы мазмұны жаңартылған 1-сыныптың білім беру бағдарламасымен сәйкестендірілді. Мектепке дейінгі дайындық біртіндеп бастауыш білім беру деңгейіне қосылады, сонда «1+11» құрылымы толық 12 жылдық мектепке ауысады. Бұл қазіргі кезде қоғамда орын алған адамдардың «артық жылды жоғалту» сияқты қорқынышпен байланысты психологиялық кедергіні жеңуге мүмкіндік береді. Осы мақсатты жүзеге асыруда еліміздің барлық мектептерінде ағылшын тілін ерте жастан оқыту үдерісі жүріп жатыр. Мектеп оқушылары жыл сайын мектепіші, аудандық, қалалық, облыстық және республикалық олимпиадалар мен сайыстарға қатысады. Мектеп аясында ұстаздар тілдер апталығын, ашық сабақтарды, тақырыптық калейдоскоптарды, білім сайыстарын, зияткерлік ойындарды, сабақтан тыс іс-шараларды өткізеді. Ақылмен, сауаттылықпен және байыпты дайындықпен үштілді білім беру мектеп түлектеріне өзгермелі өмірде кез келген ортада бейімделуіне мүмкіндік береді. Бірақ берілген мақсат пен міндеттерді орындауда қиындықтар болып тұрады.

Төменгі сынып оқушыларына абстрактілі ойлау қабілеті тән, оларға үнемі көрнекілік қажет. Компьютер көмекші құрал ретінде пайдаланылады, себебі үдеріске нақты визуалды элементтерді енгізу сабақтағы қиындықтарды жеңілдетуге көмектеседі. Балалар компьютер экранында жарқын суреттер, сызбалар, анимациялық бейнелерді көргенде, олар жаңа және қиын материалды оңай меңгереді. Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды меңгеру сыныптың білім шекарасын кеңейтеді, шеттілдік орта ахуалын тудырады, бөгде мәдениетпен танысуға мүмкіндік береді. Бұл технологиялар байыпты тәжірибемен дәлелденген. Сонымен қатар бұл бағытта ғаламтор көзін пайдаланудың да өзіндік ерекшеліктер бар. Бұл орайда мектептің міндеті — бастауыш сыныптан бастап оқушыларды әлеуметтік-желілік ресурстарды шетел тілін меңгеруде тиімді пайдалануға баулу қажет.

Қазіргі заманғы мұғалім инновациялық-педагогикалық қызмет, біліктілігін үздіксіз жетілдіру және арттырудың арқасында жеке және кәсіби құзыреттіліктердің иесі болуы қажет. Қазақстан Республикасында білім беруді дамыту тұжырымдамасы жалпыәлемдік білім беру стандартына сай білікті кадрларды даярлаудың формалары мен әдістерінің сапалы жаңаруына бағытталған. Әлемнің өзара байланысты және өзара тәуелді өзгеріп отыратын өмір құбылыстары жағдайында жас ұрпақты даярлаудың құралы ретінде көптілді білім беруге баса назар аударылады.

Еліміздің мектептеріндегі бастауыш сыныпта шетел тілін оқыту міндетті пәнге айналуына байланысты және оңтайландыру жолдарын қарастыру, оқу материалдарын дамыту және оңтайландыру жолдарын іздеу, оқудың мазмұны мен құралдарын жаңарту, ынталандыруды арттыру және оқу мерзімі бойынша баланың сабаққа деген қызығушылығын қолдау қажет етіледі.

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні Қазақстан кәсіптік білім беруден үштілділікке (қазақ, орыс және ағылшын) ауысуға нақты қадамдар жасауда. Орыс және ағылшын тілдері қатысымға түсудің құралы ғана емес, сонымен қатар әлемдік тәжірибені меңгеруге негізгі оңтайлы жол болып табылады. Біздің мемлекетіміз табысты түрде дамып, еліміздің азаматтарын сапалы және қазіргі заманға сай біліммен

камтамасыз етуге қажетті жағдай жасалған, яғни білім беру мазмұны мен сапасы жағынан Қазақстанның жетекші елдер қатарынан орын алуға толық мүмкіндігі бар.

### Әдебиеттер тізімі

- 1 Жетписбаева Б.А. Методика раннего обучения иностранным языкам / Б.А. Жетписбаева и др. — Караганда: Изд-во КарГУ, 2017. — С. 37.
- 2 Дианина Н.Н. Инновационные способы формирования языковой компетенции на начальном этапе обучения / Н.Н. Дианина и др. // Иностранные языки в школе. — 2018. — № 5. — С. 67.
- 3 Сергеева Н.Н. Классификация мотивов к изучению иностранного языка / Н.Н. Сергеева и др. // Педагогическое образование в России. — 2012. — № 3. — С. 114.
- 4 Dakowska M. Teaching English as a Foreign Language/ M.Dakowska. — Warszawa: Wydawnictwo Naukowe PWN SA, 2005. — P. 56, 57.
- 5 Бердичевский А.Л. Языковая политика и методика преподавания иностранных языков в странах Европы / А.Л. Бердичевский // Иностранные языки в школе. — 2002. — № 5. — С. 22.
- 6 Kunanbayeva S.S. The modernization of foreign language education: The linguocultural-communicative approach / S.S. Kunanbayeva. — United Kingdom: Hertfordshire Press, 2013. — P. 112, 113.
- 7 Беляев Б.В. Очерки по психологии обучения иностранным языкам / Б.В. Беляев. — М.: Просвещение, 1965. — С. 229.
- 8 Zhetpisbayeva B.A. Problems of content and language integrated learning in educational institutions / B.A. Zhetpisbayeva, A.K. Kitibayeva, T.D. Assylbek // Bulletin of Karaganda University. Series of Pedagogy. — 2018. — No.1(89). — P.12.
- 9 Kitibayeva A.K. Peculiarities of non- traditional lesson in the process of teaching English language to the primary school students / A.K. Kitibayeva, G.Ryskalikyzy, G.K. Tleuzhanova // EDUCATION and SCIENCE without borders. — 2017. — No. 16(2). — P. 60.
- 10 Шумакова Н.Б. Индивидуальные отличия в мышлении младших школьников / Н.Б. Шумакова // Вопросы психологии. — 2010. — № 9. — С.33.
- 11 Зимняя И.А. Психология обучения иностранным языкам в школе / И.А. Зимняя. — М.: Просвещение, 1991. — С. 222.
- 12 Гальскова Н.Д. Теория и практика обучения иностранным языкам / Н.Д. Гальскова, З.Н. Никитенко. — М.: Айрис-пресс, 2004. — С. 112, 113.

Ж. Кагазбаев, У.И. Копжасарова, А.Т. Төлеужан, А.А. Хамза

### Опыт зарубежных стран по раннему обучению иностранным языкам

В статье представлены результаты теоретических и практических исследований в области раннего обучения иностранным языкам в разных странах, таких как Россия, США, Англия, Франция, Швейцария и т.д. На основе анализа отечественного и зарубежного опыта в этом направлении обоснована важность и необходимость раннего обучения иностранным языкам в дошкольных и среднеобразовательных учреждениях. Отмечено, что у полилингвальных личностей познавательные способности развиваются лучше, чем у монолингвальных. В статье также изложено современное состояние раннего обучения иностранным языкам в Казахстане.

*Ключевые слова:* иностранный язык, дошкольное образование, мультикультурализм, навыки, зарубежный опыт, раннее обучение иностранному языку, современное состояние.

Zh. Kagazbayev, U.I. Kopzhasarova, A.T. Toleuzhan, A.A. Khamza

### The experience of early foreign language learning in overseas countries

The article focuses on the results of theoretical and practical investigations on early language learning in Russia, USA, England, France, Switzerland, etc. The paramount importance and necessity of learning foreign language at early ages has been proven through foreign experience in this field. According to the results of most of the data, a polilingual person acquires cognitive abilities better than a monolingual one. The authors also make emphasis on the current state of early language training in Kazakhstan.

*Keywords:* foreign language, preschool education, multiculturalism, skills, foreign experience, early foreign language learning, current state.

## References

- 1 Zhetpisbaeva, B.A. & et al. (2017). *Metodika ranneho obucheniia inostrannym yazykam [Methods of early learning of foreign languages]*. Karaganda: Izdatelstvo KarHU [in Russian].
- 2 Dianina, N.N. & et al. (2018). Innovatsionnye sposoby formirovaniia yazykovoii kompetentsii na nachalnom etape obucheniia [Innovative ways of forming language competence at the initial stage of training]. *Inostrannye yazyki v shkole – Foreign languages at school*, 5, 67 [in Russian].
- 3 Sergeeva, N.N. & et al. (2012). Klassifikatsiia motivov k izucheniiu inostrannogo yazyka [Classification of motives for learning a foreign language]. *Pedahohicheskoe obrazovaniie v Rossii – Pedagogical education in Russia*, 3, 114–119 [in Russian].
- 4 Dakowska, M. (2005). *Teaching English as a Foreign Language*. Warszawa: Wydawnictwo Naukowe PWN SA.
- 5 Berdichevskii, A.L. (2002). Yazykovaia politika i metodika prepodavaniia inostrannykh yazykov v stranakh Evropy [Language policy and methods of teaching foreign languages in Europe]. *Inostrannye yazyki v shkole – Foreign languages at school*, 5, 16–22 [in Russian].
- 6 Kunanbayeva, S.S. (2013). *The modernization of foreign language education: The linguocultural-communicative approach*. United Kingdom: Hertfordshire Press.
- 7 Beliaev, B.V. (1965). *Ocherki po psikhologii obucheniia inostrannym yazykam [Essays on the psychology of teaching foreign languages]*. Moscow: Prosveshcheniie [in Russian].
- 8 Zhetpisbaeva, B.A., Kitibayeva, A.K., & Assylbek, T.D. (2018). Problems of content and language integrated learning in educational institutions. *Bulletin of the Karaganda University. Pedagogy series*, 1(89), 11, 12.
- 9 Kitibayeva, A.K., Ryskaliyzy, G., & Tleuzhanova, G.K. (2017). Peculiarities of non-traditional lesson in the process of teaching English language to the primary school students. *EDUCATION and SCIENCE without borders*, 16, 60, 61.
- 10 Shumakova, N.B. (2010). Individualnye otlichiiia v myshlenii mladshikh shkolnikov [Individual differences in the thinking of younger students]. *Voprosy psikhologii – Psychology issues*, 9, 32–33 [in Russian].
- 11 Zimniaia, I.A. (1991). *Psikhologiiia obucheniia inostrannym yazykam v shkole [Psychology of teaching foreign languages at school]*. Moscow: Prosveshcheniie [in Russian].
- 12 Galskova, N.D., & Nikitenko Z.N. (2004). *Teoriia i praktika obucheniia inostrannym yazykam [Theory and practice of foreign language teaching]*. Moscow: Airis-press [in Russian].